

УДК 82:81–26

АҚЫН МҰХТАР ШАХАНОВТЫҢ ПОЭЗИЯСЫ ТІЛІНДЕГІ АЙШЫҚТАУ ТҮРЛЕРІ

*Есіркепова К.К.,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент, ҚМПИ*
*Қанапина С.Ф.,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент, ҚМПИ*
*Болысова С.Б.,
3 курс студенті, ҚМПИ*
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Ғылыми мақала ақын М.Шаханов поэзиясы тіліндегі айшықтау түрлерінің стильдік қызметін анықтауға арналған. Мақалада ақын тіліндегі эпитет, метонимия, кейіптеу тәсілдерінің қолданыс ерекшелігі қарастырылады.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности эпитетов, метонимии, олицетворения в поэзии М. Шаханова. Также раскрываются стилистические особенности, образность, мотивация их использования.

Abstract

In article features of epithets, embodiments in M. Shakhonov's poetry are considered. Also stylistic features, figurativeness, motivation of their use reveal.

Түйінді сөздер: ұлт, рух, отан, қазақ, дала.

Ключевые слова: нация, дух, Родина, казах, степь.

Key words: nation, spirit, Homeland, Kazakh, steppe.

1. Кіріспе.

Әр оқырманның әдеби дүниеден іздейтін өз жоғы бар. Соны тапқанда ғана оның рухани шөл қатасы тарқап, мейірі қанғандай болады. Мысалы, туған ел, ару атамекен, бабалар рухы, ақ шарифат, әз махаббат, сағым көмкерген самиян дала – Мұхтар Шахановтың Талайдан бері таусыла жырлап келе жатқан жеңсік тақырыптары. Алғыр ақын кең байтақ қазақ даласының өткенін жырласын мейлі, біртұтас ұлт, біртұтас мемлекет болған халық пен өлкенің қай бұрышындағы оқиғаны да ешбір алаламай бірдей толғанып, бірдей тебіреніп, тұтас жырлады.

Ақын белгілі бір ғасырдың белгілі бір оқиғаларын тек ұлттық шеңберде ғана қарамай, оны ел мен жер, жер мен көк, адам мен қоғам, заман мен тарих мыйдай араласып кеткен жалпы әлемдік болмыстық кеңістікте бейнелейді. Әлемдік болмысты шашыратпай ұстап тұрған құпия заңдылықтарға шүкшияды.

2. Талқылау.

Айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Эпитет – адамның, заттың, құбылыстың бір белгісін: сырын, сипатын, қасиетін атап көрсететін сөз, бірақ осы қызметте келетін жай анықтауыш сөзден эпитеттің айырмасы бар. Жай анықтауыш заттың, құбылыстың, адамның өзіне тән қалыпты сынын (белгісін, қасиетін, түрін, түсін т.б.) білдірсе, эпитет өзі атайтын белгіні бейнелеп көрсетеді.

Қазақ тіліндегі тұрақты эпитеттің тілдік табиғатын арнайы қарастырған Г.Ө. Мұхаметқалиеваның кандидаттық диссертациясында эпитетке былайша анықтама беріледі. «Эпи-

тет дегеніміз – екі немесе одан да көп компоненттен тұратын, өзара қабыса байланысқан, көркем бейнелі, образды сөз тіркесі».

Демек, эпитет – адамның не заттың, не табиғат құбылыстарының өзгеше белгілерін көрсету, олардың бейнесін оқушылардың көз алдына елестету, ой – қиялына әсер ету үшін қолданылатын көркем сөз образы.

Академик М. Балақаев өз еңбегінде: «Суреткердің өз – өзіне тән тіл шеберлігін сөздің көркемдік қасиетін талдағанда сөз бен образ арасындағы осы бір стильдік нәзіктікті яғни жеке сөздердің қолданылуындағы ерекшеліктердің бәрі жиналып келіп тұтас контекстік мән алатындығы, ойды бейнелі, нақты, шынайы көрсету үшін эпитетсіз елестету мүмкін емес» – деп өте ұтымды тұжырым жасаған.

Қазақ тіліндегі эпитеттер басқа тілдегі сияқты негізінен зат есімнен, сын есімнен, есімше, көсемше етістіктері арқылы жасалады.

Эпитет туралы А. Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «Бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсіретін етіп айтқымыз келгенде ол нәрсенің атына айқын көрсететіндей сөз қосып айтамыз, сондықтан айқындаудың өзге түрі көркейтуді деп айтылады» – деп эпитетке анықтама берді. Көркейтуді дегеніміз – эпитет термині ретінде алынған.

Эпитет жайында айтылып жүрген теориялық пайымдауларда әлі күнге дейін бірізділік жоқ сияқты. Мысалы, Л.И. Тимофеев: «Кең мағынада қандай болса да бір ұғымды анықтап, айқындап, сипаттап және тағы басқа тұратын әрбір сөз эпитет болады. Бізде осы уақытқа дейін эпитет – көркем анықтауыш, реңді, бейнелі және тағы сол сияқты, ал жай анықтауыш сөз болғанда мұндай көркемдік болмайды деген есеппен, эпитет деген ұғымды (көркем анықтауыш) анықтауыш сөз деген ұғымнан бөліп қарауға жиі ұмтылу бар...бұл бөлу бұрын ескертілгендей, поэтикалық тілді ерекше, бейнелі деп қарау талабына байланысты. Біздіңше бұл дұрыс емес», – дейді.

Кез келген сөз жеке тұрып та не болмаса алдынан, артынан анықтайтын сөздермен келіп те бейне жасай береді. Олай болса, эпитет – бейнені айқындап, көріктеп тұратын көріктеу құралы. Р. Сыздықова: «Эпитет – адамның, заттың, құбылыстың, бір белгісін, сырын, сипатын, қасиетін атап көрсететін сөз, бірақ осы қызметте келетін жай анықтауыш сөзден эпитеттің айырмасы бар. Жай анықтауыш заттың, құбылыстың, адамның өзіне тән қалыпты сынын (белгісін, қасиетін, түрін, түсін т.б.) білдірсе, эпитет өзі атайтын белгіні бейнелеп көрсетеді, өйткені бұл белгі сол заттың, адамның, құбылыстың, табиғи қалыпты белгісі емес», – дейді.

1. Танысты олар. Сол таныстық сыйластыққа ұласты.

Апта өтпей-ақ қос кеудеден **қимас сезім** гүл ашты («Жанерке», 25 б.).

Қимас сезім – екі адамның ұштасып жатқан сезімдерінің бірінен-бірі алшақтағанда оянатын сезімінің ерекше сәті.

2. Сәбилік шақ!

Сүттей аппақ кезең бұл («Достық өлкесінің заңы», 27 б.).

Сүттей аппақ кезең – сүт – ең киелі тағам, ал ақ түсі - адалдықтың, пәктіктің белгісі, яғни ақын бұл жолдарда, сәбилік шақты – періштелік кезеңге балайды.

3. Дала жатыр **қызыл қанға** боялып,

Егер бүкпей баяндасам шындықты

Рухы – өр,

Тәні – бекем,

Бұл бір **қайсар халық** екен

Тірліктен де артық қойған бірлікті («Шыңғыс хан қателігі немесе жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны», 121 б.).

Бұл өлең жолдарында, қызыл қан – Отырар даласындағы соғыстан кейінгі жердің беті қызыл қанға малынып жатқандығы көрсетіледі, ал қайсар халық деп, Отырар халқының тірлігінен бірлігі мықты халық екендігі баяндалған.

4. Қырын келген ол ма, әлде ғасыр ма.

Уыз шақта,

Жиырма тоғыз жасында

Шоқан солай екінші өмір бастады.

Ең айдарлы жұлдызынан айырылды

Аңқау қазақ аспаны («Құлыптас кепиеті немесе кері тебу заңы», 52 б.).

Бұл өлең жолдарында ақын, аңқау қазақ деп, халықтың төмендігін емес, Шоқандай асыл тұқымынан айырылып қалған ел мағынасында айтқан.

5. Міне, қызық, ылғи бойын зорайтқан соң күліп алдан,

Пайымсыз жұрт орташаны биік қойған ұлылардан («Ұлылар мен орташалар», 96 б.).

Бұл өлеңде, пайымсыз жұрт деп, ұлы тұлғаларды шетке ысырып тастап, төмендерді жоғары қоятын, заманды қолдан өзгертетін адамдар хақында айтылған.

6. Адамдарды **малдық сана** жетекке алған шағында

Және олардың қалуы үшін өз міндеті сабында,

Тәңір ойын жолбарыстың көзі арқылы қабылда... («Гималай жолбарыстары немесе малдық сана туралы мұң», 96 б.).

Малдық сана деп, ақын, адамдардың санасызданып, өз билігі қалуы үшін әртүрлі әрекетке баратындығын баян еткен.

7. Тұс-тұсынан **мақтау сөздер** құлағанмен көшкін боп,

Әлі күнге жағымпазын жазалаған ешкім жоқ («Бесінші еркек», 93 б.).

Бұл өлеңде ақын, қазіргі таңда жоғарыда отырған адамдарға мақтау сөздер не жағымпаздық көп атылса да, бұл әрекеттің жазалаусыз қалатынын айтады.

8. **Ұсақ құсты** көргенде төзе алмайтын

Сұңқар деген – тіршілікке нағыз іңкәр дарындар («Барселона әуежайындағы сұңқарлар», 64 б.).

Ұсақ құс – бұл өлеңде, дарынсыз адамдар, сұңқар – дарынды жандар ретінде алынып, салыстырмалы түрде қарастырылған.

9. Қиялына атар таңнан таң-тамаша күй еніп,

Кең далаға көз тастайды терезеге сүйеніп («Жанерке», 26 б.).

Кең дала – шеті мен шегі жоқ, қиырсыз жер беті бейнеленген.

10. Мұныңды ұғар жан табудан не бар екен қымбатты,

Көк теңізді кешіп барып, алауланып күн батты («Ла Валетта маңындағы түн немесе қасиет мұнарасы», 32 б.).

Көк теңіз – тұнық, мөлдір су және оны асып өткен күнді бейнеленген.

Ауыстыру мағынасында қолданылатын поэтик тілдің бірі – **метонимия**. Метафора екі нәрсенің арасында тек ұқсастығы ғана болып ауыстырылса, метонимия екі нәрсенің арасында белгілі бір байланысы болады да, сондықтан, біріншісінің орнына екінші нәрсені алмастырып айтады. Мұнда екі нәрсені бір-біріне баламайды да, теңемейді де, тек бірінің орнына екіншісін қолданады. Метонимияның жасалу жолдары жалпыға бірдей, сондықтан, қазақ тілінде былай жасалады деп айрықша тоқтауды керек етпейді.

Екі нәрсенің алмастырылып, бірінің орнына екіншісі айтылып, бірі арқылы екіншісін ұқтырудың түрі көп. «Мен екі аяқ ас іштім» – (асының орнына ыдысын); алмастырып айтулары – бәрі де метонимия. Өмірдегі іс-әрекет, не әртүрлі бір-бірімен байланысты өмір құбылыстары қанша көп болса, алмастырылып айтылатын нәрселер де сонша көп болуы мүмкін. Демек, оларды байланыстарының түріне қарап жіктеу мүмкін емес. Метонимия – әдемі, әсерлі, көркем сөйлеудің тағы бір ұтымды құралы. Кез келген суреткер халықтың бай тілін керегінше пайдаланып өз қажетіне жаратады. Тілдегі дайын, бар үлгілерге сүйене отырып, соларға ұқсас құрылымдар жасайды да, ең қажеттілерін талғап, тандап, сұрыптап алады. Суреткер метонимияны қолданудағы басты мақсат – ол ойды бейнелі де көркем, әсерлі де тартымды, эмоционалды – экспрессивті бояуын қанық етіп жеткізеді.

Қазақ ғалымдары А. Байтұрсынов, Қ. Жұмалиев, І. Кеңесбаев, Ә. Қайдаров, Р. Сыздықова, Ғ. Мұсабаев, К. Аханов, А. Ысқақов, Ә. Қасенов, З. Қабдолов, Т. Қоңыров, Р. Барлыбаев, Б. Хасанов, Л. Нұржекеева және тағы басқалары метонимия мәселесіне арнайы, екінші өзінің зерттеу объектісінің қатысына қарай тоқталып, оның жеке ғылыми – лингвистикалық объект есебінде танылуына өз үлестерін қосты. Қазақ тіл білімінде метонимияға берілген анықтамалар бірізді емес. Ең алғаш рет қазақ халқының ірі ғалым – лингвисті, әдебиет зерттеушісі, түрколог А. Байтұрсынов метонимияның әдеби шығармалар үшін айрықша мәні бар екендігін атап көрсете келіп, былай түсіндіреді: «Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту, ондай ауысу алмастыру деп аталады». І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаевтың анықтауынша, бір сөздің орнына екінші бір сөздің ауыс қолданылуынан шығатын іргелес ұғым метонимия деп аталады». Академик З. Қабдоловтың тілімен айтсақ: «метонимия өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану». Ал, Қ. Жұмалиев былай деп анықтама береді: «Не құбылыстың бір жағы, не аттары алынып, өз мағынасында емес, екінші мағынада араларындағы жақындығымен бірінің орнына екіншісі алмастырылып қолданылса және сол құбылысты түгел көрсете алса метонимия дейді». Жалпы, метонимия тілімізге, жаңа сөз қоспайды, бұрыннан бар, қолданыста жүрген сөзге жаңа мағына беріп, оның мағыналық аясын кеңейтеді», – деп зерттеуші – ғалым К.Қ. Есіркепова 1960–1980 жылдардағы әйел – ақындар поэзиясының тілі (Ф. Оңғарсынова, М. Айтқожина, А. Бақтыгереева, К. Ахметова шығармалары негізінде)» атты монографиялық еңбегінде метонимия құбылысына тоқталып өтеді.

Метонимиялар мынадай іргелестік, шектестіктер негізінде тууы мүмкін:

1. Қимыл, әрекет пен оның нәтижесінің шектестігі. Мысалы, бояу, егеу, сайлау, жайлау сияқты сөздер әрі қимыл атаулары, әрі зат атаулары болып екіжақты қызмет атқарады. Бұлар алдымен іс – әрекет атауы болып қолданылған да, кейін соның нәтижесі ретінде заттық сипат алған.

2. Зат пен оның ішкі мазмұнының шектестігі.

3. Материал мен одан жасалған заттың шектестігі.

4. Жалқы есімдердің оларға қатысты қимыл-әрекет атауларымен байланыстылығы. Қазақ тілінде кейбір кісі аттары мен жер-су атаулары есімге айналып, белгілі сөздердің контекстік синонимі ретінде жұмсалады.

5. Сапалық сын есімдер мен олардың заттанған мағыналарының байланыстылығы. Мұны түсті білдіретін қызыл, ақ, көк, қара сияқты сапалық сын есімдердің заттанған мағыналарымен шектестігінен айқын көреміз.

6. Автор мен оның шығармасының, болмаса шығарма аты мен оның ішкі мазмұнының байланыстылығы.

7. Іргелес заттық ұғымдардың шектестігі.

8. Жалқы есімдердің бір – бірімен шектестігі.

З. Қабдолов «Сөз өнері» атты еңбегінде былай деп анықтама береді: «Алмастыру, яки метонимия – өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану».

«Метонимия» термині алғаш рет б. з. д. 384–322 ж. аралығында, яғни б. з. д. IV ғасырда айтылады. Лингвистер метонимияны екі бағытта қарастырған. Бірінші бағыттағылар метонимияны троптар жүйесіне жатқызып, оның семантикалық және стилистикалық ерекшеліктерін ғана қарастырады. Екінші бағыттағылар сөз мағыналарының тарихи өзгеруіне байланысты пайда болған деп, метонимияны және метонимиялық қолданыстарды көп мағыналыққа (полисемияға) негіздеп қарастырады.

Қазақ тіл білімінде метонимияға берілген анықтамалар бірізді емес. Мәселен, **І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаевтың** анықтауынша, «Бір сөздің орнына екінші бір сөздің ауыс қолданылуынан шығатын іргелес ұғым метонимия деп аталады». Академик З. Қабдоловтың тілімен айтсақ, метонимия «өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланыс-

ты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану». Ал Қ. Жұмалиев былай деп анықтама береді: «Не құбылыстың бір жағы, не аттары алынып, өз мағынасында емес, екінші мағынада араларындағы жақындығымен бірінің орнына екіншісі алмастырылып қолданылса және сол құбылысты түгел көрсете алса, метонимия дейді». «Метонимия дегеніміз – белгілі бір заттар мен құбылыстардың сыртқы және ішкі мән – мағынасының реалды байланыстылығына қарай алмастыру амалы» дейді.

Қазақ халқының ірі ғалым – лингвисті, әдебиет зерттеушісі, дарынды ақын, аудармашы А. Байтұрсынов та метонимияның әдеби шығармалар үшін айрықша мәні бар екендігін атап көрсете келіп, былай түсіндіреді: «Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту төмендегі түрі болса, ондай ауысу, алмастыру (яғни метонимия) деп аталады».

Мұхтар Шахановтың «Эверестке шығу» өлеңдер жинағындағы метонимиялардың қолданысы:

1. Бірақ, бірақ талайлардың бақыты алыс сорынан,
Бұл кез келген **бөріктің** келе бермес қолынан («Әйелдер», 16 б.).

Өлең жолдарында, бөрікті – ер адам мағынасын білдіріп тұр.

2. Бөлме толы жақтырмаған **көздерге**

Пысқырып та қарамай

Оғы болмай атуға,

Қарттар жағы наразы тіл қатуда: («Мен қыз үшін ұялдым», 54 б.).

Бұл өлең жолында, көздер – көптеген адамдар деген мағынада қолданылған.

3. **Көздер** барда қадалатын тамсана

Шын сұлулық қалмақ емес назарсыз («Тарысы бар аймақтың», 56 б.).

Бұл өлең жолында, көздер – көптеген адамдар деген мағынада қолданылған.

4. Сорласа жұрт рухсыздан сорлайды.

Қырандардан биік қойсақ **торғайды**,

Отанды кім **торғайлардан** қорғайды?

Рухсыздың, қайырсыздың баюы,

Бәлкім, ертең ұлтымығы зор қайғы («Жаңа қазақтар немесе рухани байлықсыз да мемлекет құруға болады деп ойлайтын жас бизнесменге хат», 47 б.).

Ақын қазіргі заманғы рухсыздық мәселесін қозғайды, биік тұлғалардың тасада қалып қоятындығын, ал рухсыз жандардың жоғары тұратын заман болғандығын ашына баяндайды.

Кейіптеу табиғат құбылыстарына жан бітіріп суреттеу үшін қолданылса, екіншіден кейіптеуді метафора арқылы тереңдету ойдың поэтикалығын арттырады. А. Байтұрсынов: «Жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне түсіріп тұрпаттау» десе, Қ. Жұмалиев: «Жаратылыстың жансыз нәрселерін жанды нәрселердей етіп, жандылардың істейтін амалдарын істеткізіп суреттеу» деген

Мұхтар Шахановтың «Эверестке шығу» өлеңдер жинағындағы кейіптеулердің қолданысы:

1. **Күле қарап төбеден ай қабак күз**,

Көп сырластық, көп жырды қайталаппыз («Жароков көшесіндегі кездесу», 59 б.).

Күз – таудың биік шыңы, тік жартас. Ақын, ойға берілгенде, жаны құлазығанда, жанына жақын сырласы болатын таудың шыңын жан бітіре бейнелейді.

2. **Қара сақал қара бұлт қасын керіп**,

Қара нөсер құды-ай бір шелектеп кеп («Жароков көшесіндегі кездесу», 59 б.).

Ақын өлеңде, бұлтты қара сақалды, қасын керген ашулы, қатыгез адам секілді етіп бейнелеген.

3. Сол қателік Сіздің жерден тапқан екен жалғасын,

Ызалы уақыт төбеңізден көтеріп тұр балғасын («Құрметсіз, шыншыл тұлғалар немесе Түрік қағанатының құлауы», 85 б.).

Қателік жасағанда адам оны байқамайды. Тек, қателігі алдына мәселе болып оралғанда ғана түсінеді. Бірақ, ол кезде бәрі кеш, артта қалған уақытты кері қайтара алмайды. Ақын уақытты сол себепті ызалы етіп көрсетеді.

4. «Бақыт деген немене бұл, немене екен, немене,
Көрсет маған, құшақтайын, көтерейін төбемен»
Деп едім мен, дәл сол сәтте ойы, бойы сымбатты
Әбден қажып шашы ағарған ШЫНДЫҚ келіп тіл қатты: («Бақыт геометриясы»,
87 б.).

Ақын, шындық толық орнай алмаған заманды, шындықты іздеп шаршаған адам бейнесін ашық көрсеткен. Өлеңде, ақын өзінің бейнесін шындық арқылы ашқан сияқты.

5. Қан төгуді аңсапты құшырлана:
Ішке теуіп анамды өлтіріпті
Алдын кесіп өткені үшін ғана.
Кеудесіне игілік мақсат тұнып,
Бұлақ ағып жатыпты сақ-сақ күлді («Жаңғырық немесе Ақсақ Темір қалай басталды», 135 б.).

Өлең жолдарында, хан бейнесі және оның қайырымсыздығы, қатігездігі бейнеленген. Алдын кесіп өткені үшін ғана жүкті әйелді өлтірген ханға ағып жатқан бұлақта қосылғандай сақ-сақ күлді деп жан бітіреді.

6. Төменде таудың өзені жатты гүрілдеп,
Жапырақ біткен дірілдеп
Ай тұрды жүзі күлімдеп,
Менің де жаным нұрланып («Танакөз», 149 б.).
Қызға ессіз ғашық жігіттің қызды түн жамылғанда тағатсыздана күтуі, жапырақ біткен қосылып, айдың жүзі күлімдеп, күш беріп тұрғандай көрсетілген.

7. Сан орманның тамашасын тауысқан,
Ән шырқады ала қанат сауысқан.
Жапалақ та ән шырқады толғана,
Кезек әзер жеткен кезде қарғаға,
Мандайына алақанын жастана,

8. **Осы сәтте Бұлбұл әнге басты бір,**
Қарт тоғайдың елестетіп жастығын («Сенім патшалығы», 228 б.).
Тыңдаушылар қалғып кетті, масқара («Сенім патшалығы», 228 б.).
Ақын, бұл өлең арқылы айтқысы келгені, құстардың барлығын жарыстыра ән салдырып, адамдардың бақталастығы секілді көрсеткен. Өлеңнің түйіні, жұртты қанша аузына қаратам деп талпынғанмен, түбінде халық өз таңдауын дұрыс жасайды.

3. Қорытынды.

Қорыта келе, Мұхтар Шаханов ақындық мұратын ұлт мүддесі үшін тынымсыз күреспен тығыз байланыстырған қаламгердің өр екпінді поэзиясын күрескер рухты өміршең жырлары деп бағалаймыз.

Әдебиет тізімі

Есқараева А.Д. 3. Шүкіровтің поэзиялық шығармаларындағы метафоралық қолданыстар: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Астана, 2002. – 30 б.

Есіркепова К.Қ. 1960–1980 жылдардағы әйел – ақындар поэзиясының тілі (Ф. Оңғарсынова, М. Айтқожина, А. Бақтыгереева, К. Ахметова шығармалары негізінде). – Қостанай: ТОО «Центрум», 2010. – 153 б.).

Құлиев Ж. Жыр мұхитының жүрдек кемесі // «Ана тілі»: газеті №10. Наурыздың 13-і, 2003 ж.

Қабдолов З. Сөз өнерію – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 350 б.

Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Сөздік - Словарь» баспасы, 2006. – 264 б.

Қанапина С.Ғ. Қазақ тіліндегі мақал мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Мұстафин Ғ., Мұқанов С. шығармалары негізінде). – Қостанай: ТОО «Центрум», 2010. – 180 б.).

Нұржекеева Л. Метонимияның лингвистикалық табиғаты. – Алматы, 2004. – 78 б.